

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ,
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ЖӘНЕ
ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ ҚОСТАНАЙ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО
РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ, ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ
И ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05 сәуір 2019 жыл
Қостанай қаласы

№ 73-НҚ
город Костанай

«Қостанайские минералы» акционерлік қоғамының бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамының өтуі үшін кірме жолды беру қызметтеріне тарифтерін және тарифтік сметасын бекіту туралы туралы өтінімін қарастыру кезінде жария тыңдау өткізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздың № 219 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2019 жылдың 12 сәуірде сағат 16.00 «Қостанайские минералы» акционерлік қоғамының бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамының өтуі үшін кірме жолды беру қызметтеріне тарифтерін және тарифтік сметасын бекіту туралы өтінімін қарастыру кезінде Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Ленина көшесі, 67 үй (акт залы), мекен-жайы бойынша жария тыңдау өткізілсін.

2. Жария тыңдаудың төрағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды реттеу және бағалар бөлімінің бас маманның міндеті атқарушы – Гасанов Руслан Исаг - Оғлы тағайындалсын.

3. Жария тыңдаудың хатшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша

департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау және талап қою жұмысы бөлімінің бас маманы – Исатаева Айнұр Ғабитқызы тағайындалсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысының орынбасары Ақан Амантайұлы Ташпановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басшының
міндетін атқарушы**



А. Естаев